

Карибаева Перизат

perizatkaribaeva.teatrtany@gmail.com

«Е16 аймағында күн сағат 16.00 де батады»

«Е16»

(Әлеуметтік драма)

Қатысушылар:

Ғайни - үлкен ұлы 21 жаста

Үміт - ортаншы қызы, мектеп тұлғі

Нұр - кіші ұлы, бастауыш сыныбының оқушысы

Анасы

Хатшы

Бастық

Бірінші сахна

Қаладағы үй. Анасы жұмыстан шаршап келеді. Оны көрген балалары бір-бірімен сөзге келіп қалады.

Ғайни: Көрдiңдер ме, анамыз тағы шаршап келдi. Сендер соны түсiнбейсiңдер.

Нұр: Маған бiрiншi мына есептi түсiндiрiп бершi.

Ғайни : Қалай түсiнбейсiң? Алыстан келе жатқан шөл даладағы екi түйе бiр-бiрiмен неше минутта жолығады?

Үмiт: Ғайни бүгiн сенiң кезегiң, соңына дейiн қаратып тасташы

Ғайни: Құдайым ау, мынау есеп пе әлде ребус па ?

Нұр: Тыныш! Анамыз ұйықтасын.

Үмiт: Соңғы кездерi менiң ұйқым қанбай жүр.

Ғайни: Әр нәрсенi қиялдап жатсаң, әрине сонымен таң атады.

Үмiт: Қиял емес, визуализация! Осыдан көрiңдер, жақсы жерге тұрмысқа шығып кетем де, саған репетиторда ал саған күтушi де болмаймын! Шалқып

өмір сүрем, мына менің өмірімді инстандан ғана тамашалап отырасыңдар, себебі мен Балиде демалып жүрем. Ал менің близкий друзьяма кіру үшін оның құны...

Ғайни (*оны бөліп жіберіп*): «Құн» демей-ақ қойшы. Байлық деп шалға кетіп қалып жүрме!

Үміт: Несібар, мен шалға кетсем, біраз жылдан кейін ол да келмеске кетпей ме, сосын оның байлығын астыма басып мен қаламын

Ғайни: Жақсы, жетер. Мына есеп қана қалса, бөлмеңе барабер. Ал сен былжырамай ЕНТ ға дайындал.

Үміт: Бір жапырақ университет қағазымен не деп тұрсың? Өзің әлі де жұмыс таппадың.

Ғайни: Білмеймін, күнде хабарландыру қарап та шаршайды екенсің. Эх, бір жарыққа кетіп қалса ғой...

Есік қағылды. Есік ашылғанда, Хатшы кіріп келді. Қолында қалам мен дәптері бар. Ғайни мен Хатшы сөйлескенде Үміт оны танығандай аңғарып тұрады

Хатшы: Кеш жарық! Үлкендерден кім бар?

Ғайни: Мен бармын

Хатшы: Басқа

Ғайни: Анамыз бар

Хатшы: Ол қайда?

Ғайни: Ұйықтап жатыр

Хатшы: (*дәптерін ашып жазады*): минус ұйқы, плюс жұмыс. Ал, «Әке» деген кейіпкер жоқпа?

Ғайни: Мында жоқ! (*есікті тарс жаба салады. Хатшы есіктің жан-жағын бәрін тіміскілеп зерттеп бірақ кетеді.*)

Екінші сахна

Келесі күн. Таң атты

Анасы: Ұлым, кеше бір арық кісі келді ме?

Ғайни: Келді

Анасы: Сені көріп кеткен шығар, дұрыс болды.

Ғайни: Көретіндей туысым ба еді?

Анасы: Бұйыртса жақсы жұмыс жасасып кетсеңдер, туыс та боларсыңдар.

Ғайни: Қайдағы жұмыс. *(сәл ойланып)* О, жоқ! Сен ана тәкәппәр хатшымен жұмыс туралы келістің бе? Сене алар емеспін, сонда мен ше? Мені бос жүр дейсің бе?

Анасы оның сөздеріне мән бермей, қызын мектепке жөнелтіп жатады: Үміт, мектепте шашынди жинап жүр жарай ма, алдында директор соны жиналыста сөз етті. Содан кейін барғой, андағы тырнағынды қысқартшы мүлде оқушыға ұқсамайсың. Кешке бауырыңның сабағын дұрыстап толық қарап бер. Түнде менен екі түйе туралы сұрап мазамды алды. Білесің ғой, мен шаршап келем, бір жағына шығысып...

Үміт тыңдағысы келмей: «жақсы, жақсы, ия дедім зой» деп, асығып шығып кетеді.

Анасы: Саған да айтып жатырмын, бір жағыма шығысыңдар, мына үйдің ипотекасы әлі бітпеді. Бауырыңа бреккет қойдыру керек. Астына да үстіне де дейді. Ей, тыңдасаңшы!

Ғайни: Мен не сонда елдің әкең бар ма, анаң қайда деп дәптер құшақтап үйді аралау үшін 4 жыл оқыдым ба?

Анасы: Енді мамандық бойынша әзірге жұмыс жоқ қой, жүре тұрсаңшы. Аға деп білмеген жерінді сұрап ал. Жарайды, менің ақылымды жаратып тұрған ешкім жоқ. Бірақ, ана нөмірге хабарласып, кеңсесіне баратын бол. Нұрды оят, тағы басы ісіп кетпесін!

Анасы жұмысқа кетеді.

Ғайни өзімен-өзі қалып: Шаршадым, жасым болса тай қазанның жасына жетті ал мен үшін шешімді әлі де мамам қабылдайды. Болашақта мен туралы «мамсик» деген актуальнейлардан оқып жүрмеңдер. Өз-өзіме қатты ашуланамын, бірақ не істеймін енді? Оқыған мамандығым эколог, Е16 аймағында мүлде жұмыс таба алмадым. Ауа және ауаның құрамы... Таң атысымен көкжиекке көз салсаңыз, бір төбе түні бойы зауыт шығарған түтіні үйіліп тарамай біразға дейін тұрады. Сосын қала белсенділері «Бұл не» деп

дабыл қағады. Сосын, микрофондарын ала жүгірген журналисттер «Эколог мырза айтыңызшы» дегенде, «кхе кхм» деп тұрып, былай дейсің: «Бюджеттен ауаны зерттейтін аппаратқа ақша бөлінсін дейсің. Араға біраз уақыт салып, жаңалық аңдатпасы тағы соңыңа түскенде : Ешқандай қауіпті көріп тұрғанымыз жоқ. Қала тұрғындарына жай ғана далаға шықпауын өтінеміз», дейміз. Қандай абсурд ия?! (күрсініп:) Ал, ана тырбандаған бәленің қол астына жұмысқа барғым келмейді. Ол бірдеңе біледі, бірақ жасырады. Сонша жыл бір қызметте қалай отыр дейсіз? Басшылық ауысқанда, ол компанияның вахтершасына дейін ауысқан. Құпияны бөліспеу үшін. Ал бұл тікелей алып, жалпы шамасы біреумен төбелесуге де жете ме екен? *(Жұдырықпен ауаны сермей бастайды. Үйге Үміт жылап кіреді).*

Ғайни: Не болды?

Үміт: Мені жаңалықтардан көрсетеді! Ұят ай!

Ғайни: Не деп, «аттестатпен күйеуге» деп пе? Немесе, «ақ бантигын ақ орамалға ауыстырған ару» деп пе? Өй не болды?

Үміт жылап ештеңе айтпайды.

Ғайни: (залға қарап) олай болса, құрметті көрермендер, студия қонағы Үміттің не үшін егіле жылап отырғанын білу үшін, оның бетін ашайық. (Екі қолымен бетін басып отырған қарындасының қолдарын екі жаққа жұлқиды)

Үміт: Қоя бер, кетшібар деймін.

Ғайни: Қоя бер және кетшібар небәрі екі сөз. Екеуіде қазақ тілінде ауызекі стилі болып табылады. Олай болса көрермен, студиямызға екі түйе жылдамдығын зерттеуші экспертімізді шақырайық!

Ар жақтан, ұйқысынан енді тұрған Нұр келеді. Таңғалып:

Күн қайда?

Ғайни: Кім қайда?

Нұр: КҮН!

Ғайни: Күң яғни күтуші дейсіңбе? Міне екі бетін басып ебіл дебіл жылап отыр.

Нұр: Күн деймін! *(айқайлап, жер тепкілейді, ар жағында Үміт зарлап жылап отыр)*

Ғайни: психтар шетінен, осыдан жұмысқа тұрайын екеуіңе де магнийдан ванна жасап тұрып түсіремін. Айтпақшы, көрермен біздің басты серіктесіміз магний витамині! Магний, психтардан сақтасын!

Нұр: Апатай жыламашы, апатай сен күнді көрдің бе?

Үміт: Мүлде адамды қолдау білмейсіңдер! Қайдағы күн! Жаңалықтан көрсетеді деймін мені!

Ғайни: Жоқ, енді түсіндік қой оны! Не деп айтсаңшы?

Үміт: ЕНТ дан ең төмен балл алғандар деп...

Үнсіздік...

Нұр: Ол не?

Ғайни : Сен бара берші,

Нұр: Қайда?

Ғайни : Сайға! Ал сен байға кет!

Нұр: Бірақ бізде сай жоқ қой, бір бұрынғы бұзылған үй бар содан оңға қарай жүргенде төмпешіктер..

Ғайни оның сөзін бөліп: Аййй, күннің артымен жүре берші.

Нұр: Бірақ күн жоқ қой, кеше сабаққа бара жатыр едім ол бұлттардың арасында тығылып тұрды. Сабақтан шықсам тас қараңғы.

Ғайни: Сенбі жексенбіні күт.

Нұр қолымен апта күндерін санап: «сенбі, жексенбі...» деп, сыбырлап кетіп қалады.

Ғайни қарындасына бұрылып: Қалай сонда? Дайындалып жүргенің өтірік пе еді?

Үміт: Шын ғой! Мен ғана емес біразымыз ең төмен алдық, дәл осы кезде жаңалықтар деп бір топ адам кіріп келмесі барма!

Ғайни: Оларда ауаны зерттеудің орнына...

Үміт: Ауа демекші сен таза ауа директоры болуды қашан қоясың?

Ғайни : Сен өзіңе қарап ал, мынандай баллмен сен таза ауа тұрмақ кір ауаның да директоры бола алмайсың. *(көңіл-күйі түсіп,ойланып):* жақсы,

жылай бермеші, дауысың қандай ащы еді. Мен жұмысқа тұрармын, платныйға болсын оқытып сені адам қатарына қосамыз. Қазір бөліп те төлеуге болатын шығар.

Үміт: Оқымаймын мен сендердің ақшаларыңа

Ғайни: Өй, сен осыған рахмет айт. Платный қайта жақсы емес пе еді, үш жыл отработка жоқ, мен сияқты ешкімнің кеңсесіне жұмысқа бармайсың.

Үміт: Анау бір түрлі ағайға жұмысқа баратын болдың ба?

Ғайни: Сенде білуші ме едің? Анамның одан жұмыс сұрағанын?

Үміт(күліп): Білдім...Бірақ сен ашуланады деп айта алмадым.

Ғайни: Қайдан білейін, анамның ойынша жарық сол жақта сияқты

Үміт: Жарық та, уақытта кері қайтпайтын сияқты ғой

Ғайни: «Уақытты кері қайтарсын» деп петиция жазайық па?

Үміт: Кімдер? ЕНТ дан құлап қалғандар?

Ғайни: Ой мен не деймін, домбырам не дейді. Жылап, жылап миың кеуіп қалған ба, бар, бетінді жу. Андағы кірпік бояуың ағып, пандаға ұқсап отырсың.

Үміт: Сен үнемі осындайсың. Бір жақсы сөз айтсаң қайтеді. Сен мектепте оқығанда мені «аға» деп атама дейтін едің. Үйге қайтқанда екеуіміз екі жолмен қайтатынбыз. Бір күні мен жолды ұмытып адасып қалдым дегенде сен жұлқынып, жол бойы үндемей қайттық. Тіпті менде әке де жоқ. Ер адам мейірімін көрмесем де, ақ боз атты ханзада туралы армандай бердім. Мүмкін ол маған барлық ала алмаған мейірімімді екі еселеп қайтарар? Сол ақ боз атты ханзадам жарқ етіп шыға келгенде мені жарыққа алып кететін сияқты

Ғайни : Қараңғыда жүр ме едің?

Үміт: Ия, енді қараңғы 16.00 де батады ғой

Ғайни айқайлап: Қандай сәйкестік! Біз, «Е16» аймағында тұрамыз және де бізде күн 16.00 де батады!

Үміт: Осының бәрі ана Хатшының кесірінен. «Минус ұйқы» деп жазып алып кетті ғой, сол ұйқы қанбағаннан ЕНТ ға дайындала алмадым ғой. Тып-тыныш тұрған уақытты жылжытып.

Ғайни: Уақыт пен ұйқыға жаппашы, сен дайындалған да жоқсың ғой.

Үміт: Сен бар ғой, сол кеңсеге жұмысқа барасың ғой, сол кезде уақытты ұрла!

Ғайни: Немене, «уақыт сені емес, сен уақытты ұрла» дегендей болдың ғой.,

Үміт: Енді дұрыс қой, наубайханада жұмысшылар ұн ұрлайды, жанармай бекетінде артық жанармай ұрланады ал сен ана кеңседе.... ааааа..... таптым!

Ғайни: А4 қағаз ұрлайын ба?

Үміт: Әке ұрла! Бізде әке болмады ғой. Уақыт болды жарайт, сен хатшымен бірге халық санағын жүргізгенде, біреудің әкесін біздің үйде тұрады деп жазып қой!

Ғайни: Әкені ешкім тартып алмады, ол өз еркімен кетті, ал уақытты керісінше олар тартып алып отыр...

Үшінші сахна.

Сахнада хабарлама естіледі:

Хатшының дауысы: құрметті қала тұрғындары! Инстаграм әлеуметтік желісінде «ЕІБ жарқын қала!» атты видео рилсы тарап кетіп, ал қаланы сәл қараңғылық басқандықтан, барлығын барынша сары түстерге бояп, орталықтан тексеруші адамдарды ашық түрде қарсы алайық! Билеп қарсы алып, асын беріп, барынша көңілді нотада шығарып салайық! Жұмыла көтерген жүк жеңіл!

Сахнаға бояу мен қылқалам сүйретіп Ғайни шығады: Сене алар емеспін, алдымен өздері күннен айырады да, енді бар жақсымыз орталықтан келетін тексеруші адамдарға деп қайтадан қаланы боятады. Екі жұмыс қой мынау, одан да ауа зерттейтін аппарат неге алмасқа? Алмасқа...демекші мен өзі бірінші жалақымды қайда жұмсаймын? Жұмсаймын емес, беремін. Анама үйдің ай сайынғы төлеміне деп беремін бе әлде бауырымның тісін емдетемін бе, сосын қарынасымды оқытамын дедім... Не істесем болады? Кредитты алып, алып әскерге бір жылға кетіп қалып, келгесін банкрот болайын ба? А, жоқ жаманның атын атамайыншы, артымнан тағы жетіп келер. Өткенде әлі диплом алмадым деп әрез құтылғанмын. Мен әскерге кететін болсам, қарындасым үйден безіп кетер, ал бауырымды біреу ренжітсе ше? «Ей мұрынбоқ, қайдағы күн» деп танауынан үлкен балалар бір ұрса ше, оған

жауабын кім бермек? Оның үстіне анамның жұмыс уақыты ұзарып ал түнде үй тапсырмасы, үй жұмысы тағысын тағылар деп ұйқысынан да айырылады ғой. Оның үстіне, жұмысқа тұрғанымда жоқ, жоқ жалақыны не деп есептеймін.

Нұр: Аға, аға, маған шығарма керек.

Ғайни: Қашанға беріп еді

Нұр: Дүйсенбіге

Ғайни: Енді ертерек айтпайсың ба?

Нұр: Өзің ғой жексенбі күні кел деген!

Ғайни: мен саған сенбі, жексенбі үй тапсырмасымен кел деген жоқпын, сабақ аз болса далаға шығып күнді көре аласың дегенмін!

Нұр: Ия, маған керегі де сол, шығарма атауы «Жарқын күнмен болашаққа!»

Ғайни: Бұл не сендер әлі отан туралы шығарма жазасыңдар ма?

Нұр (ойланып): Бұл отан туралы ма?

Ғайни: Жақсы бара берші, ойлана бер, и вообще репетитор апатайың ал мен дала жұмыстарына деп келістік емес пе еді? Міне, сырттағы қақпаны сарыға бояуға кетіп бара жатырмын.

Үміт кіріп келіп: Түсінсем бұйырмасын, дене шынықтыру мен жөндеу жұмыстарының не қатысы бар? Мен үш ақ рет қана дене шынықтырудан қалғанмын, енді осы тоқсанда аман-есен бағаң қойылсын десе үш скамейкены боя деп қолыма краска берді ойлаш.,

Ғайни: Тоқтай тұр, *(оны шақырып алып)*:кешегі жаңалықты анам естімеді ме?

Осы кезде анасы кіріп келіп: Қандай жаңалық?

Ғайни: Жай орталықтағы дүкенде *(қарындасына қаран)* өте төмеееен балл ой балл деппін ғой бағада көйлек, халаттар сатып жатыр деген.

Анасы: Ааа, жоқ, қайдағы көйлек, біз бүгін жұмыс ғимаратын түгел әсемдеп шықтық. Уақытымыз жоқ. Сосын сен неғып оны жаңалық ете қалғансың?

Үміт: А, жай мен ғой ағамды көйлекке ақша бер деп тергеп жатқан... *(ағасын жұлқылап былай шығып сыбырлайды)* : Осыдан айтып қойсаң бар ғой, анама сенің Хатшының кеңсесіне бардым деп өтірік айтып жүргенінді айтамын.

Ғайни: Ал, сенің бауырыңа сабақ қаратуды маған итеріп жүргенінді ше? Бар артынан, шығарма жазу дей ме, кешкіге қалтырмай жазып бер.

Төртінші сахна.

Есік алды. Нұр қолында қағазы бар бір Бастықты көріп, төбеге қарап:

Нұр: Ағай, ағай!

Бастық кім сөйлеп жатқанын түсінбей жан-жағына қарайды.

Нұр тағы да дауысын қаттырақ шығарып: Ағай, сіз күнді көрмедіңіз бе, бойыңыз ұзын екен, сізге көрінетін шығар! Ал, мен түскі ауысымдағы сабақтан кеште шығып, күннің түсінде ұмытып қалдым...

Бастық: Білмеймін, менің балаларым күн бар жерде оқиды.

Осы бойда олардың әңгімелерін аңғарған Үміт: Мен де қараңғыда қалғым келмейді, мүмкін болса сіздің балаларыңыз секілді күн бар жақта оқысам қандай керемет!

Бастық оны бағалап бір қарап: Олай болса менің тоқалым бол

Үміт: Шын ба?

Бастық : Ия, тіпті дәл қазір орталықтан келген тексерушілерге арналған банкетте некемізді қидыра аламыз!

Үміт: Сабағым ше...

Бастық : Сабағың оңып тұрған жоқ қой, скамейка бояғаныңа қарағанда тіпті дене шынықтыруға қатыспапсың.

Үміт: Сіз бе едіңіз осындай тапсырма берген?

Бастық: Ия, мен үнемі мектеп қасынан өткенде аулада бос жүрген балаларды көретінмін, сөйтсем олар дене шынықтырудан қашып жүргендер екен. Осындай неше түрлі тапсырма ойлап тапқанды ұнатамын. Мысалы, қаламыз табиғи түрде жарық болмаса да, сәл де болса жандандырып, сарыға бояу деген қалай?

Нұр: Апатай, мен бәрін анама айтамын!

Үміт: Сен дереу үйге бар!

Нұр: Айтпақшы, ағай, бізде қыста да сары түсті қар жауады. Ағамның айтуынша, қардың сары түске боялуына ауадағы өнеркәсіп қалдықтары себеп болады.

Бастық: Сенің ағаң кім?

Үміт: Ол эколог, тек әзірге жұмыссыз

Нұр үйге жүгіріп кетеді.

Бастық: Сонымен, сенің есімің кім?

Үміт: Үміт.

Бастық: Үміт, расымен де жарық өмірді аңсаған үмітің орындалайын деп тұр

Екеуі жақынырақ танысып әңгімелесіп кетеді. Банкетке дайындық. Анасы қызының көйлегін дайындап жүр

Ғайни жүгіріп келіп: Апа, Үмітті көрдіңбе?

Анасы: Ұлым, костюміңді кисеңші!

Ғайни: Қайдағы костюм, Үміт қайдасың?!

Қолында қалыңдық букеті бар Үміт шығады.

Ғайни: Үміт, кешірші, менің саған байға кет дегенімді шынайы қабылдап қалдың ба, ренжімеші, Үміт. Мен бәрін қалжындап айтамын ғой.

Үміт: Жоқ, мен расымен де күн бар жерге барғым келеді, Ғайни, түсінші

Ғайни: Апамда осыған көніп отырғаны ма?

Үміт төмен қарап кете барады. Банкет басталуы. Орталықтан келген тексерушілер мен бастық, хатшы жиналады.

Бастық: Ал, құрметті жиналған қонақтар! Көріп тұрғандарыңыздай біздің қала жарқын, шуақты!

Тексеруші: Ия, көзіміз жетті. Тіпті уақыт белдеуінің бір форматқа қойылуының пайдасы анық!

Бастық: Олай болса, бүгінгі кешіміз арты тойға ұлассын!

Бастық хатшыны бөлек шақырып алып: Әлгі менің жас қалыңдығымның ағасының алдын орап кету керек, ол бәле уақытты кері қайтарсын деп петиция жинап жүр екен.

Хатшы: Түсінікті

Банкетте жүрген Хатшы Ғайниды бөлек алып шығып:

Хатшы: Ғайнижан, менің кеңсеме келмедің ғой, сені келеді деп тәуір күттік, тіпті бір орында босатып қойған едік

Ғайни: Қажеті жоқ

Хатшы: Ия, қарындасыңды уайымдайсың ғой...

Ғайни: Сен осы қызметте қалай ұзақ жүрсің?

Хатшы: Мен білгенімді ешкімге айтпаймын. Мені бәрі «қара жәшік» дейді. Ғайни, сенің көңіл-күйіңнің түсуін байқадым. Былай ғой тыңдашы, қаласаң, сен қарындасыңа жақын болғың келсе, біздің кеңсеге кел. Қарындасың бастыққа келгенде көрісіп тұрасыңдар, анаңа да жүрегін орнына қойып, бір хабарын беріп отырасың.

Ғайни: Одан да басқа жұмыс іздегенім артық.

Хатшы: Жұмыс бар ғой, әрі сен эколог емессің бе, соңғы жаңалықтарға байланысты, саған бір керемет ұсыныс бар! Сен «Күннің адам өміріне қаупі» атты ғылыми зерттеу жұмысын жазшы.

Ғайни: Не, мен өзім уақыт белдеуі жайында соғысып жүргенде...

Хатшы: Адам ойы өзгереді ғой, бір жерде тұрмайды, сен халықтың атынан шығып, текке есік тоздырып жүрген петицияңды кім қабылдайды? Ал, осы зерттеуді жазсаң тіпті бауырың мен анаңды асырай алатындай ақша бөлінеді.

Ғайни: Жоқ, қарындасымды бағамын деп кеш қалған шығармын, бірақ бауырым мен анама шамам жетеді

Хатшы: Шама? Бүінгі күні... 12 жеткілікті еді, енді ол да 16 болды.

Ғайни: ...Қанша уақытта жазып шығу керек?

Хатшы: Әп, бәрекелді! Шамамен үш ай жеткілікті шығар.

*Хатшы Ғайниды шығарып салып, Бастыққа барып, жағдайды жеткізеді.
Бастық қарқылдап күліп: Қайталап айтшы, қалай көндірдім дедің?*

Хатшы: Қорқынышты бір санды айттым.

Бастық: Он алты.... айтпақшы анау Үмітімнің жасауы да жоқ екен, шешесі әбігерленіп артынан беріп жіберемінмен жүгірді. Керегі жоқ дедім.

Хатшы: Ия, әрине бәрінен бұрын оның ағасынан құтылғанымыз дұрыс болды.

Дәптерінен бір есімді сызады.

Банкет аяқталды. Сахнада Анасы жұмысқа жиналап жатыр. Ғайни қолында зерттеу қағаздары бар кеңсеге кетті.

Нұр: Анашым, мен сонда жалғыз қаламын ба?

Анасы: Бүгінше ия, ағаң кеңсеге кетті ғой, ертеңнен бастап менде басқа ауысымға ауысармын

Нұр: Анашым мен шығармамды өзім жаздым ғой!

Анасы: жарайсың балам, тойдың қамымен жүріп сенің сабағың жайына қалыпты ғой, қане оқып берші.

Нұр шығармасын оқиды: «Жарқын күнмен болашаққа». Мен болашақта жақсы адам болғым келеді. Таңертең күн шыққанда бәрі әдемі болады. Жарқын күн мені қуантады. Мен анамды жақсы көремін. Сол үшін дәрігер болып оған көмектескім келеді. Сосын менің әпкем бар. Оның болашағы жарқын шығар, себебі ол «күн бар жерде оқимын» деді. Ал, ағам жұмысқа орналасты. Ол да арманына жеткен шығар. Мен мектепке қуанып барамын, себебі онда достарым бар. Бірақ біздің достарымызбен ойнайтын алаңымыздан күн кетті, ал көлеңке қалды...

(Соңы)

Пьеса Драма.KZ-2026 фестивалінде біздің серіктестеріміздің қолдауымен ұсынылды



Авторлық құқықты сақтауды сұраймыз және пьесаны пайдалану мәселелерінің барлығы (соның ішінде спектакль қоюға рұқсат алу) драматургпен келісуді қажет етеді. Автормен байланыс ақпараты фестиваль ұйымдастырушыларынан ала аласыз.